



№11 «Балапан» бөбекжай-балабақшасы

Балабақша меңгерушісі:
Мухашова С.Мухашова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері:
Алиева А.Шуиншалиева

«Балабақша балалықтың мекені»

/Балабақшамен қоштасу кешіне арналған ертеңгілік/

№8 «Құлагер» ересек тобы

Тәрбиешілер: Г.Баймаханова
Л.Бердіжарова



29 мамыр 2024 жыл

Құрметті ата - аналар, ұстаздар бүгінгі "Құлагер " тобының "Балабақшам-балалықтың мекені " атты ертеңгілігіне қош келдіңіздер!

(музыка ойналады)

Әмина:

Құрметті қонақтарармысыздар

Бәріңіз де есен – аман бармысыздар?

Айсүгір:

Ақ тілекті ағытып бір тастайық

Қоштасатын кешімізді біз бастайық

Әмина:

Қуанышымыз біздің мол,

Мектепке біз тарттық жол!

Ұмытпаймыз өзінді,

Балабақшам қош - сау бол!

Айсүгір:

Қуанамыз сыйлаймыз

Қуаныштың мың гүлін

Бақшамызбен қимай біз

Қоштасатын күн бүгін

Екеуі хормен

Қарсы алыңыздар Құлагер тобының бүлдіршіндерін!

(музыка ойналады)

Алтыннан да ардақты

Күмістенде салмақты

тобымыздың мақтаныштары- Әли , Мәриямды, Думанқарсы алыңыздар!
Ақылына көркі сай

Біліміне өзі сай

тобымыздың алғырлары- Әлинұр, Әмина, Айсұлтанды қарсы алыңыздар

Ай десе аузы бар

күн десе көзі бар

тобымыздың сұлулары- Ж.Айзере, Т.Айзере, Айсүгірді қарсы алыңыздар

Асқан білімді болатын

Жақсы мақтау алатын

тобымыздың білімпаздары- Абдусаттар, Раяна , Асхатты қарсы алыңыздар

Әдемі ән айтатын

Көңілді боп үйге қайтатын

тобымыздың көңілді бүлдіршіндері- Нұрәли, Әлимұрат , Айбибіні қарсы алыңыздар

Бойына жиган өнерді

Әнші , биші өнерлі

Өнерпаздарымыз- Нұрай, Адина, Айшаны қарсы алыңыздар

Отбасының берекесі

Ата-анасының еркелері-

Ақниет, Мұстафаны қарсы алыңыздар

Аспандағы жұлдыздай
Жағадағы құндыздай
Тобымыздың ай-жұлдыздары Медина, Асылым, Нуриманды қарсы алыңыздар

Қымбатты ата – аналар, балабақша қызметкерлері қонақтар бүгін біздің бірнеше жыл мәпелеп, күтіп, тәрбиелеп өсірген бүлдіршіндерімізді мектеп табалдырығына шығарып салғалы отырмыз. Әрине бұл да үлкен той, тойларыңыз құтты болсын! Кәнекей кішкентай түлектерімізді тағы да бір қошеметтеп қол соғып қоялық. Болашақтарың жарқын аспандарыңыз ашық, елімізді өркендетер келешектің кемеңгері болыңдар

Музыка әуенімен шығады да шеңбер болып тұрады.

Тәрбиеші: Бүлдіршіндеріміздің орындауында

Хор: «Біз мектепке барамыз»

Әминна

Меңгеруші апайға

Ырза шеше, әке де.

Бізде мұнда әрдайым

Бәрі - бәрі дап - дайын.

Қамымызды ойлаған

Сәуле Мырзабайқызына мың алғыс!

(гүлін табыстайды)

Сізге алғысым ретінде ән шашуымды қабыл алыңыз

Бақшам мепің әсем, жыр әнім

Алыстасам аңсап тұрамын

Бақшамыз бұл – Балапан

Құлагер дейтін тобының

Шырқатып әнін саламын

Сәуле апай Сәуле апай

Жарқырап алтындай

Басқарған бақшаны

Сұп-сұлу Сәуле апай!

Сәуле апай Сәуле апай

Сұлусыз Сәуле апай!

Ақылды талапшы

Бұл біздің Сәуле апай!

Айсүгір

Біздің апай Ақтоты

Маманы оның әдіскер.

Бұл апайға қарасақ,

Ақылына көркі сай.

Мақтан етем әрдайым,

Аман болшы Тоты апай

(гүлін табыстайды)

Сізге алғысым ретінде ән шашуымды қабыл алыңыз

Мен Ақтоты апайымдай болғым келед

Әр жеңіске әдіспенен жеткім келед

Апайымның еңбек жолын үлгі етіп

Болғым келед апай сіздей болғым келед 2рет

Сағынамыз біз өткен күнді

Сағынамыз біз әрбір сәтті

Ұмытпаймыз апай ұмытпаймыз

Балабақша төріндегі кездерімді

Би: «Әдемі ханымдар»

Барлық қыздар орындауында

Асылым

Есеп қисап жүргізген

Бақшаға кіріс кіргізген

Есепші Клара апайға

Айтамыз мың алғыс

Нұрай:

Шлабрасы қолында,

Шелегі оның соңында.

Таң атпай еденді жуады,

Шаңдардың бәрін қуады.

Ақмарал апайға мың алғыс!

Т.Айзере

Бізді баптап қараған

Күлімдеген жақсы адам

Топтың іші тап-таза

Индира апайға мың алғыс

Медина

Оқимыз білім аламыз

Болашақ жолын саламыз

Бақшаменен қоштасып

Мектепке біз барамыз

Раяна

Ойыншық та кесе де

Шанышқы мен тәрелке

Орындық шкаф төсек те

Бәрі өзі келеме

Бәрін таза ұстайтын

Зыр жүгіріп жүретін

Ақмарал апайға мың алғыс

Ән: «Ассалаумағалейкум»

(Алинұр,Абусаттар,Алимұрат)\

Адина

Еңбек еткен еңселі

Сырты менен ішіне.

Балабақша жұмысын

Иығына көтерген.

Ұйымдастырушы Айгерім апайға мың

Мерекені жүргізген алғыс!

Гүлін табыстайды

Алғысым ретінде менің ән шашуымды қабыл алыңыз

Бұл бақшада бір апай бар

Теңдесі жоқ таланты бар

Өнер болса сол апайға

Саған қарап күлім қағар

Айгерім апай бақшадағы

Жайнаған гүлсіз, жайнаған гүлсіз

Қап-қара көздер, айтылды сөздер

Есінде сақта, жүрегіңде. 2рет

Би: «Самолет»

(Үлдардың орындауында)

Айсұлтан

Жөн болар өзіңе өлең арнағаным

Бұл да бір қызметінді қолдағаным

Ұжымда ойып алар өз орның бар

Тілін тапқан хат пенен жарнаманың

Хатшы Сәуле апайға алғыс айтамын

Асхат

Денсаулыққа болаттай

Ауруларды жолатпай

Күнде болған әбдігер

Қамқоршымыз дәрігер

Гулназ апайға мың алғыс

Абдусаттар

Тәтті тағам пісірген

Айран сүтін ішкізген

Асқа бізді тойдырған

Аспазшы апайларға мың алғыс!

Әлимұрат

Жаттығулар жасатып

Шынықтырар біздерді

Денемізді тік ұстап

Сұлу болып өстік біз

Медет Қазіұлына

Айтамыз біз мың алғыс!

Нурали

Үйреттің дұрыс сөйлеуді,

Ақыл- ойым есейді.

Мектепке барам мен енді,

Бала бақшамқошенді.

Сагира апай мың алғыс!

Әли

Мектепке енді барамыз

Үлгілі оқушы боламыз

Жақсы оқып сабақты

Кілең бестік аламыз

Педагог психолог Дина апайға мың алғыс

Ақниет

Қолыңыздан тараған

Керемет дәм мен көңіл-күй

Қоймашы апайға мың алғыс

Думан

Төсек орны тап-таза,

Аппақ жуған сүлгісі

Бакыткул апайға

Балалардан мың алғыс

Мұстафа

Балабақша базарлы үй
Көшедегі ажарлы үй
Шаттығы бар шуақта
Өз үйіміз сияқты

Әлишүр

Мәпелегенанамыз,
Бақшаболдыпанамыз,
Мектепкеендібарамыз,
Оқыпбілімаламыз.

Ән: "Алғыс әні»

(Орындайтындар : Айсұлтан, Али,Думан)

Мәриям Айша

Тамылжытып ән салдырып үйреткен
Мың бұралта белімізді билеткен
Айзада Салтанат апайларға алғыс айтамыз
Мың қайтара сәби бала жүрекпен

Сіздерге алғысымыз ретінде ән-шашуымызды қабыл алыңыздар

Баланың үнін тыңдаған
Ән салшы дейді балапан
Талантын ашып баланың
Өнерін өрге шыңдаған
Салтанат апай біздерді
Мың бұралтып билеткен
Айзада апай біздерге
Әсем әндер үйреткен
Таланттар жоқ жоқ жоқ деме бізде
Сегіз қырлы бір сырлы баламыз
Мына екі апай біздердің
Өнердегі екінші анамыз 2 рет

Айзере Айбибі

Талай - талай баспалдақты аттармыз,
Ата - ананың үмітінде ақтармыз.

Гулжанат Лаззат апайлар

Сіздерден алған ақылды
Есімізде мәңгі бақи сақтаймыз.

(гүлін табыстайды)

Алғысымыз ретінде ән шашуымызды қабыл алыңыздар

Гулжанат апай әдемі
Бақшада, бақшада
Лаззат апайым үлгі еді
Балаға ,баршаға!
Жақсы ккреміз топ болып
Ұлыда, қызы да.

Барамыз бүгін аттанып
Мектепке-ей алыска-ай!
Уақыттар зулап жоргадай
Бақшада қалған жолдарай
Кешегі бұзық балапан
Бүгін өскені –ай!
Бүлдіршін шаққа шегінсек,
Қуанып қайта келуші-ек,
Үядан ұшқан қарлығаш
Болмас еріншек!

Жаңа өмір басталсын,
Үміт сенім ақталсын
Ұмытылмай балабақша вальсі
Көңілде мәңгі сақталсын
(Қоштасу вальсі)

Жүргізуші: Айсүгір

Бүгінгі той бәрімізге құтты болсын,
Мектеп есігі әрқашан ашық болсын.
Мектепке баратын достарымызды
Балабақша меңгерушісі құттықтасын

Марапаттау сөз кезегін балабақшамыздың меңгерушісі Сәуле Мырзабайқызына береміз.

Марапаттау

Хор: «Қимай тұрмыз»

(Раяна, Мұстафа, Нұрай, Асхат, Айзере, Медина, Әлинұр)

Ата-аналардың тілектері

Әминә -меңгерушіге Сәуле апай
Айсүгір әдіскерге Актоты
Асхатдәрігерге Гулназ
Адина ұйымдастырушы педагог Айгерім
Әли Педагог- психолог Дина
Нұрәли логопед Сағира
Мәриям Музыка жетекшісі Салтанат
Айша Музыка жетекшісі Айзада
Абдусаттар аспазшы Жанат апай
Раяна көмекші тәрбиеші Ақмарал
Т. Айзере көмекші тәрбиеші Индира апай
Асылым есепші Клара апай
Ж.Айзере, Айбибі тәрбиешілер-Гулжанат Ләззат
Нұрай пол жуатын апай Ақмарал
Думан тазалықшы Бақыткул апай
Айсұлтан хатшы Сәуле апай
Акинет -қоймашы Гулзираш апай
Алимұрат денешынықтыру жетекшісі Медет

**«Балабақшам – балалықтың мекені»
(балабақшамен қоштасу ертеңгілігі)**

№8 «Құлагер» ересек тобы

